Ал көркемөнерпаздар байқауына қатысушылар саны да өнерпаз оқушыларда аз емес. «Айгөлек» би тобы жыл сайынғы өтетін «Ақ шағала» би байқауына қатысып жүлдесіз қалған емес. Былтырғы жылы Гран Приді иеленсе биылғы жылы І орынға табан тіреді. Жетекшісі Аубакирова Қарлығаш Амангелдіқызы. Көркемөнерпаздар байқауына мектебіміздің түлегі Боранбай

Ұлжан қатарынан 2 жыл монолог оқу бойынша қатысып жеңіспен оралды. Ал былтырғы жылы Республикалық «Әншуақ» ән фестиваліне қатысқан оқушылардың арасынан Кәрімжан Айзере үздік өнер көрсетіп, шебер орындағаны үшін аудандық сахнада өнер көрсетті. Әрине бұл біз үшін үлкен мақтаныш.

<https://www.instagram.com/p/DH5vjhroal/?igsh=NThpYzd4MTdhMjBh>

«Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптейтін ең маңызды жобалардың бірі де бірегейі. Олай дейтініміз қазіргі телефонға телмірген заманда оқушылардың сөздік қорлары да азайып, әдеби сөйлеулері мен адамдармен тілдік қарым-қатынастары да шектеліп жатқандай. Осы орайда осы «Ұшқыр ой алаңы» жобасы нағыз оқушылардың мәдени сөйлеулерін арттырып, әдеби сөздік қорларын молайтатын шара болды. Мектебіміздегі «Парасат» пікір талас клубы үздіксіз жұмыс дасап нәтижесінде оқушылар еркін сөйлеуге, өз ойларын ашық айтуға, әдеби әрі нақты дәйектермен дәлелдей білуге үйренуде. Жоба жетекшісі информатика пәнінің мұғалімі Төлеухан А.Н. Жоба жетекшісі бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерін көтеріп оқушылардың ойларымен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/DGe0ijdl02k/?igsh=MTkxbXFoczRpOXRjdw==>

Мектеп бойынша атап мақтанышпен көрсететін жобаның бірі «Балалар кітапханасы» жобасы. Оң жолға қойылған, оқушылар мен отбасын әдеби шығармалар арқылы біріктірген жобаның жетістігіде аз емес. Кітап оқу бойынша жұмыс қарқынды жүргізілуде. Ата-аналармен байланыс өте жақсы. Демалыс уақыттарында, сабақтан тыс уақыттарда ата-аналар балаларымен бірге әдеби шығармаларды оқып, талдайды.

Мектептегі алдын-алу шаралары. Төмендегі көрсетілген кестедегі алдын-алу шаралары оқушыларды әртүрлі ортадағы қауіптерден қорғануға ықпал ететін шаралардың бірі. Телефонға тәуелділік, әртүрлі интернет ойындарының құрбаны болудан сақтайтын, өмірге салауатты әрі сауатты көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін ең қажетті әрі маңызды жұмыстар. Сынып сағаттары, әңгіме, дәріс, кездесу сияқты әрекеттер арқылы жүзеге асырылуда.

Алдын алу шаралары	Іс-шара саны	Қамту саны		
		Білім алушы	Педагог	Ата-ана
«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»	4	20	15	20
Буллингтен қорған!	36	62	15	23
Ойынға салауатты көзқарас	3	62	16	25
Өмірге салауатты қадам	2	34	14	25
Қоғамдық мүлікті қорға!	3	62	11	15
Қауіпсіз қоғам	2	62	10	33
«Үнемді тұтыну»	9	62	11	12

<https://www.instagram.com/reel/DFUqYuvuTP5/?igsh=dWI0eTkzdW42cmlu>
https://www.instagram.com/p/DFUtm-Suteg/?img_index=2&igsh=dHEyMGJwamhheHFw

Қазанның алғашқы жексенбісі ұстаздар күніне орай мектепте ауқымды іс-шара өтті. Іс-шараға дайындық барыстары, «Дублер күнінің» өтілуі, мерекелік концерт пен ұстаздарды оқушылардың құттықтаулары ерекше тиянақты дайындықпен ұйымдастырылды. 03.10 күні «Ардагер ұстаздар-ұлы тұлғалар!» тақырыбында Бірлестік мектебіне ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек еткен ұстаздармен кездесу өткізілді. Кездесуге келген қонақтарды құрметпен қарсы алып, мерекелік концерт қойылып, гүл шоқтары таратылды. Мерекелік іс-шараға келген ардагер ұстаздар рахметтерін айтып, қуаныш сезімдерімен бөлісті. Әлеуметтік желілер арқылы да құттықтаулар жолданып ұстаздар ұжымының мәртебесін асырды.

<https://www.instagram.com/reel/DAttO2mMc34/?igsh=MWt2bmZxeTZnc243cg==>
<https://www.instagram.com/p/DAAHv9ssluy/?igsh=eJNzcDFva3BybzUz>
<https://www.instagram.com/p/DAVqMHjcs2/?igsh=MTFhOXMwZzUxNWs4OA==>
<https://www.instagram.com/p/DAS3YWaMVvZ/?igsh=MW14N24yMXJuOWdiaQ==>
<https://www.instagram.com/p/DAm50fNoHFi/?igsh=MThqZjFuZXI3ejkyNQ==>
<https://www.instagram.com/reel/DAm3N3komwk/?igsh=MWZtd2kyNGJyNmc2Zg==>
<https://www.instagram.com/reel/DAlzFiRsPnG/?igsh=emp4YjB6OGU5dWRn>
https://www.instagram.com/reel/DASce_HsaNM/?igsh=cnRuMGx5NGM4OHYy
<https://www.instagram.com/p/DAsEC1kMDCU/?igsh=cGJrenB0bzMyYTEx>

25 қазан Республика күнінде жоғары деңгейде өтілді. Мектеп кітапханасына көрме ұйымдастырылып, дәлізде «Атамекен» әні бір мезетте орындалып, ауылдық мәдениет ошағымен бірлесіп мерекелік концерт ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DBMMJ1TspHh/?igsh=dHFjcGluNzE4YjFw>
<https://www.instagram.com/reel/DBee9f6sq0S/?igsh=bjUxcnJ3YW1uZjVl>
<https://www.instagram.com/p/DBgnDsxoPZU/?igsh=MXg2MjZ3ZzN2YmRmZQ==>
<https://www.instagram.com/reel/DBg8LRrs2Wt/?igsh=dXlxZWw4eXZ6bjFi>
<https://www.instagram.com/reel/DBhLkHdR39u/?igsh=cGRwN2FqcXFjcHFw>

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай тақырыптық сынып сағаттары өтіп, көрме ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DDe5EGzIfJQ/?igsh=MXd0Njk4MHFXY2N3bA==>
https://www.instagram.com/reel/DDjlfpxuF3_/?igsh=MW85cGkyemgzdmw2Mg==
=

1 наурыз алғыс күніде ауқымды көлемде, жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Оқушылар Отанға, ата-аналарына, әртүрлі маман иелеріне, достарына алғыс сезімдерін білдіріп, рахметтерін айтты.

<https://www.instagram.com/reel/DGkrNDLsoel/?igsh=MXFkZjI0dzN6emd4Mg==>
<https://www.instagram.com/p/DGkznmSMpGc/?igsh=MTU3bWJhaW5sczRuYg==>
<https://www.instagram.com/reel/DGng53WsOA9/?igsh=aGNmMmo2eWdxenhp>
<https://www.instagram.com/reel/DGnlcDfMEeN/?igsh=MTF2aDdtZ2RzanR5Mg==>
<https://www.instagram.com/reel/DGnmHKmsrDt/?igsh=MWhpbHNnbHJrYng2YQ==>

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай мектепте мерекелік концерт ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DG2MKbGsrII/?igsh=MTZya2phYW9zb2JvbG==>
=

22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай 10 күндік іс-шара жоспарланған болатын. Барлық іс-шара уақытында әрі мазмұнды түрде өтілді. Оқушылар мен мектеп ұжымы, ата-аналар белсенді қатысып, ұлттық мерекеміздің шырайын келтірді. Мектепте күн сайын ұлттық үлгідегі киімдер киіліп, күн сайын ұлттық тағамдар дайындалды. Ұлттық тағамдар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Қазақ халқының төл тағамдарының құрамы мен пайдасы оқушыларға түсіндіріліп, көрсетілді. Оқушылар жаңғыру күніне орай ауылдағы шаруашылық көмекті қажет ететін жандарға қолғабыс етіп, көмек көрсетті. Ата-аналармен бірлесе отырып мектепте наурыз мерекесіне орай «Наурыз думан» мерекесі өткізіліп, ұлттық дастархандар ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DHK4Yf9Ilo3/?igsh=YzkycGNqaXhlYzJ3>

<https://www.instagram.com/reel/DHYJ7nIscOA/?igsh=MjR5Y3lzeTMydWY=>

<https://www.instagram.com/reel/DHaYdadoX-D/?igsh=cW9wM2NoYWZydW52>

<https://www.instagram.com/reel/DHabu4fIOYm/?igsh=bGMzcHljeTV1ZGN3>

https://www.instagram.com/p/DHaedEAMNTE/?img_index=1&igsh=MWFyN2NteXk5OGFoMg==

<https://www.instagram.com/reel/DHawV57o40c/?igsh=ZTdxZjJtcjd0YmV1>

<https://www.instagram.com/p/DH5vjhroalz/?igsh=NThpYzd4MTdhMjBh>

Әлеуметтік педагогтің қызметі

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау бойынша жұмыстар.

Мақсаты - аз қамтылған, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардағы балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және әлеуметтік көмек алуға құқықтары бар балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек және материалдық көмек көрсету. Біздің мектепте жалпы білім беретін 62 оқушы бар, жалпыға бірдей білім беру қорына 7 оқушы кіреді, олардың 2 – патронаттық тәрбиедегі балалар.

Оқу жылының басында материалдық көмек көрсетілді (киім, концелярлық мектеп керек-жарақтары түрінде. Балалар пәндер бойынша факультативтік сабақтарға, сондай-ақ тандау бойынша үйірмелер мен секцияларға (волейбол, баскетбол, футбол, асық ату) қатысады.

Патронаттық тәрбиедегі оқушыларға тоқсан сайын үйлеріне барып тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларға тексеру жүргізіледі және де тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларға тексеру актісі толтырылады. Жұмыс барысында балалардың отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе құқықбұзушылықтар анықталған жоқ. Отбасылардың әлеуметтік және материалдық жағдайы жақсы.

Оқу жылының басынан бастап көп балалы және толық емес отбасылармен әлеуметтік жұмыс жүргізілуде. Оған сынып жетекшілерімен бірге отбасылар қатысты. Пән бойынша факультативтік қолданбалы сабақ пәндерді тереңдетіп оқытуға оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған. Білім алушылар тәрбие процесіне қосылады, онда жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әркімнің рөлі айқындалады, сыныптан тыс іс-шараларға белсенді тартылады. Бұл әлеуметтік топтағы оқушылар үшін жұмыс тобы құрылған, жұмыс тобы қажет жағдайда оқушылардың үйлеріне барып тексеру және алдын-алу жұмыстарын жүргізеді. Жұмыс барысында

балалардың отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе құқықбұзушылықтар анықталған жоқ. Отбасылардың әлеуметтік және материалдық жағдайы жақсы.

Білім алушылардың тамақтанулары.

Бірлестік ауылының ЖОББ мектебі асханамен қамтылған. Жалпы тамақтану 50 орынды құрайды. Асхана жалға берілген. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ, Ережелер 05.01.2021 жыл №А-1/3 бекітілген атынан басышысы Кенжеболатова Динара Шаймерденовна бір тараптан және Табыс, №0000367 12.12.2008 жылдан мемлекеттік тіркеу 0302-ші топтама туралы куәлік негізінде әрекет ететін басшысы Ажибаев Серик Кайсарбекович екінші тараптан, көрсетілген қызметті таңдау жөніндегі Мемлекеттік сатып алулардың қорытындылары жайлы хаттама конкурстың қорытындылары туралы 2024-04-19 жылы жасалған хаттама негізінде қызмет көрсету туралы шарт жасасты. Келісім шарт: 05.20.2024 ж.

http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/public/files/2025/4/30/300425_125104_ashanaa-yzmet-krsetu-turaly-shart.pdf

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы 2024 жылғы 11 қараша №С.14.X.KZ47VWF00246080 берілген. http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/public/files/2025/4/30/300425_123105_birlestik-zaklyuchenie.pdf

Асханаға қажетті барлық құрал-жабдық, ыдыс-аяқпен 100% қамтылған.

Мектепте барлық оқушыларға ыстық тамақ беру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Білім алушылардың денсаулығын сақтау - білім беру сапасының басты өлшемі. Мектептің барлық оқушылары мектеп асханасында тамақтанады. Бастауыш сынып оқушылары 2 ауысымда тамақтанады, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қорынан тамақтанады. Тегін тамақтанатын оқушылар үшін бір реттік ыстық тамақ 1-4 сынып оқушылары үшін – күніне 725 теңге, 5-11(жалпы білім беру қоры бойынша) сынып оқушылары үшін - 850 теңгені құрайды.



Мектепте тамақтанушылардың жалпы саны 62 оқушыны құрайды. Оның ішінде 1-4 сынып оқушылары 28 оқушы және 4 оқушы жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін тамақтануға құқығы бар. Оқушылардың тамақтануы ерекше бақылауда, ай сайын бракеражды комиссия асхананың санитарлық жағдайын және де азық-түліктердің сақталу жағдайын бақылап отырады. Күн сайын бракераж комиссиясы мектеп асханасында сынама алады.



Ал әлеуметтік педагог ретінде балалардың күнделікті дұрыс тамақтануы Қойшыбай Г.Қ. бақылауында. Мектеп асханасында балалар кесте бойынша тамақтанады. Даярлық тобы және 5-9,10 сыныптардан бастап ата-аналарының есебінен буфеттік тамақтану қамтамасыз етілген.

Аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға жататын оқушылардың санаттары ата-аналар ұсынған құжаттарға сәйкес айқындалды. Барлық шешімдер берілген құжаттардың (ата-аналардың өтініші, санатты растайтын анықтамалар, отбасын тексеру актісі) негізінде қабылданады.

Асхананың санитарлық жай-күйі мен дайындалған тағамдардың сапасы СанПИН нормаларына сәйкес. Жабдықтың техникалық жай- күйіне үнемі тексеру жүргізіледі.

Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы туралы мәлімет:

Оқу жылы	Жалпыға міндетті оқу қорынан	Тегін ыстық тамақпен қамтылу	Ыстық тамақпен қамтылу	Тамақпен қамтылуы
2022-2023	5	7 оқушы (1 сынып оқушылары)	72	100%
2023-2024	7	23 оқушы (Бастауыш сыныптар)	65	100%
2024-2025	4	28 (Бастауыш сыныптар)	62	100%

http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/public/files/2025/4/30/300425_132426_tamatanu-kestes.pdf

Мектепте тамақтанудың ұйымдастырылуы мен сапасын бақылау жөніндегі комиссия құрылып, жұмыс істейді. Комиссия құрамына келесі өкілдер кіреді: мектеп директоры (бракеражды комиссияның төрайымы) Есмагулова Л.Қ. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Солтанбек Г. медициналық қызметкер Еслямғалиева З.С. шаруашылық ісінің меңгерушісі Сыздыкаева Т.М. ата-аналар ұйымының мүшесі Буркытова А.Г. әлеуметтік педагог Қойшыбай Г.Қ.

Ай сайын ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша есептер дайындалып мониторинг жүргізіледі. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын асхана жиналып, тазаланып отырады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар жүргізіледі.

Асхана ас пісіруге арналған арнайы құрал жабдықтармен қамтылған. Мектептің асханасында тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Тамақтану блогындағы жұмыскерлердің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді. Мектептегі ауыз су режимін ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасы толықтай қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, ең жақсы залалсыздандыру құралдары пайдаланылады.

Асхана жалға алушы Ажибаев С.К. мен мектеп директоры Есмагулова Л.Қ. бекітілген 4 апталық мәзірі бар және күнделікті ас мәзірі жасалынады.



Педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кеңеске тамақтандыруды ұйымдастыру мен сапасын бақылау туралы ақпарат беріледі. Мектептің сыныптас тыс іс – шараларында, сынып сағаттарында «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі», «Дұрыс тамақтану негіздері» т.б тақырыптарында іс-шаралар өткізіледі.

https://www.instagram.com/p/C_fSWiyMcMw/?igsh=YnM4M3FndzZ6aGg5
https://www.instagram.com/p/DAkcBG_sWun/?igsh=bnV5NXRzOG13MXMw
<https://www.instagram.com/p/DAnCPLoMEpt/?igsh=MXI1bXB4aWZtbHNrMw==>
<https://www.instagram.com/p/DAsLdm4MN2k/?igsh=MWo0YjlxcHp0bmIwNQ==>
https://www.instagram.com/p/DAz_HkOMZvu/?igsh=MTFmNjJ6NG1rZ3FoYQ==
<https://www.instagram.com/p/DA5hJg-MKls/?igsh=ZTMxa3p2NXdoamZ0>
https://www.instagram.com/p/DB7_T-IKQt/?img_index=2&igsh=MTU3bTcxd2xhbmJkdw==
https://www.instagram.com/p/DCOAdHkoW5-/?img_index=1&igsh=ZTNreTEzeml2NWd5
https://www.instagram.com/p/DCgMPAkspl0/?img_index=2&igsh=dXpzMmp6c2ZkcXRq
<https://www.instagram.com/p/DDEFuaf02SV/?igsh=dmY2MGxzczA4djMz>
https://www.instagram.com/p/DGxCgKtIw9v/?img_index=2&igsh=MTQ5czUxMHFyOTE5cA
 ==

Оқушылардың тамақтану барысы мектептің әлеуметтік парақшасында көрсетілген.

Білім алушылар үшін медициналық қызметпен қамтылуы туралы мәлімет.

Мектепте арнайы медициналық кабинеті бар, қажетті жабдықтармен жасақталған. Медициналық кабинеті 1 бөлмеде тұрады. Жалпы көлемі - 18 м2. .

Мектепте оқушыларға алғашқы медициналық көмек дер кезінде көрсетіледі. Тақырыпқа сәйкес іс шаралар, үйрету семинарлары ұйымдастырылады.



Лицензиар: «Бастапқы медициналық көмек көрсету орталығы» Ақмола облысы жанындағы денсаулық сақтау басқармасы, 03.07.2021 ж.
(ссылка құжат)

Медбике- Еслямғалиева Замзагуль Сакеновна, білімі-орта арнаулы, мамандығы: медицина сестрасы, Көкшетау медициналық училищесі, 01.03.1990 г НТ-I N368483. Санаты-жоғары.
(ссылка құжат)

Біліктілік арттыру курсы: «Мектептегі медицина қызметкерлерінің жұмысындағы заманауи бағыттар», 60 сағат. 25.02.2023 ж. № 2983.

(ссылка құжат)

Маман сертификаты: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» РММ, берілген күні-20.08.2024 ж., жарамдылық мерзімі-20.08.2029 ж. Тіркеу нөмірі № KZ71VBM02478371.

Психологиялық қызмет.

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Әр түрлі бейінді және бағыттарда педагогикалық-психологиялық диагностика өткізу;
- Білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын ұйымдастыру;
- Оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға психологиялық кеңестер беру.

Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызмет төменде көрсетілген бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.

I. Диагностика

II. Түзету-дамыту жұмысы

III. Консультация беру

IV. Психологиялық-педагогикалық ағарту

V. Ұйымдастыру-әдістемелік

Оқушылардың психологиялық мінез-құлқын, байқампаздығын, танымдық қабілетін анықтауда олармен түрлі тақырыптарға жүргізілген әңгімелер, оқушылардың сынып арасындағы мінез-құлқын, басқа сынып оқушылармен қарым-қатынасын сақтап, оқушыларға кеңестер беріп отыру оқушының өзіне деген сенімін арттыра түсері анық. 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі

2025-ші оқу жылында мектебіміздің 1 сыныбында 6 оқушы бар. Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда. Сынып құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық. Барлық 1 сынып оқушыларына психологиялық оқушы картасы жасалынды. Сынып жетекшінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді, сынып жетекшілерін ата-аналарынан кейінгі екінші орынға қояды, жақсы көреді. Сынып жетекшісі Бимуқанова М.А. оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды. Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау кезінде төмендегідей нәтиже көрсетті.

№	Эмоциялық жағдайы	1 сынып
1.	Мұғаліммен тілдесуі	өте жақсы- 5 оқушы жақсы- 1 оқушы
2.	Мектепке келуі	Көңілді- 6 оқушы
3.	Сабақта	жақсы- 6 оқушы
4.	Құрдастарымен қарым-қатынасы	Жақсы- 6 оқушы
5.	Үйге қайту	Көңілді- 6 оқушы

Сынып жетекшілері сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізледі. Ата-ана тарапынан үйде оқытып қадағалау бар. Ата-аналармен әр тоқсанның соңында жиналыстар өткізілген. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды. Қыркүйек айында мектеп алды даярлық сыныпқа келген оқушылардың оқуға бейімделу кезінде үлкен қиындықтар туындайды. Қиындықтарды оңай жеңіп, тез бейімделу үшін педагогика-психологиялық көмек көрсету қажет. Осы мақсатта мектеп алды даярлық сыныбына «Не жетпейді?» әдістемесі жүргізілді.

Жұмыстың қорытындысы бойынша оқушылардың бұл әдістемеге қызығушылығы жоғарғы деңгейде болды. Өзінің қызығушылығын ашып көрсете алмаған 1 оқушы болды.

1-сынып оқушыларының мектепке дайындығы барысында Керн әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде; 5 оқушы жоғары деңгей көрсетті.

Балаларды психологиялық анықтау барысында, жалпы зерттелген 6 бала мектептің бірінші сыныбына оқуға лайықты деп табылды. 1-5сынып ата-аналарына балалардың бейімделу деңгейіне байланысты кеңестер беріліп жаднамалар таратылды. Әдістеме бойынша жұмыс жасай алмаған оқушыларда байқалды. Дұрыс жауап беруге қиналған оқушылар да шықты. Бұл оқушылардың оқу әрекетінде әр түрлі қиындықтары бар: белсенді емес, ашық сөйлесуге де қорқақтайды, жалтақтық байқалады.

Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларының оқуға дайындығын, ойлау қабілеттерін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қыркүйек айында 1 сыныпқа келетін оқушылардың толық тізімін алып, оқушылар туралы мәлімет алынды. 1сынып оқушылармен метепке бейімдеу деңгейін қалыптастыру мақсатында, баланың мектепте оқуына психологиялық дайындығын дамытуға арналған жұмыстар мен тренингтер жүргізіліп, ата-аналарына кеңес берілді. 1 сыныпқа қабылданған оқушылардың мектепке бейімдеу мақсатында Керн-Ийрактің әдістемесін өткізуден басталды

2-сынып оқушыларынан бейімділік деңгейін анықтауға арналған сауалнама жүргізілді. Балалар пәндерге «көңілді», «көңілсіз», «бәрібір» жауаптарымен өтілетін пәндерге баға берді. Барлық пәнге 100 пайыз «көңілді» деп жауап берді. Балалардың өзін-өзі бағалауын анықтау мақсатында «Графикалық тест» жүргізілді.

Нәтижесінде;

2сынып-оқушылары өзін-өзі бағалауы «жоғары», 2 оқушы «қалыпты» деңгей көрсетті.

Орта буынға жаңадан қабылданған бесінші сынып оқушыларымен әңгімелесу барысында оқушылардың көзқарастарында бастауыш сыныпты қимастық сезім бар екендігін, кейде бастауыш сыныптағы қызықты сәттерін естеріне алатындықтарын қуана жеткізуде. 5 сыныпта пән мұғалімдеріне бірден үйрене отырып, қиындықтың да кездесетінін жасырмайды. Ағылшын, жаратылыстану пәндеріне қызығады. Орта буындағы сабақтардың қызық та көңілді екендіктерін жеткізуде бір-бірінен қалысар емес. 5 сыныпқа келгендіктерін бір саты болса да ер жеттік деп есептейді. 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуінде ешқандай кедергі жоқ. Пән мұғалімдерінің оқушылармен бірлесе жұмыс жасауында айтарлықтай қиындық кездеспейді. Оқушылардың тұлғалық және психикалық дамуында ауытқушылық жоқ, дегенмен оқушылармен психодиагностикалық, профилактикалық жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді.

Кеңес беру нәтижесінде оқушылар өз көкейлеріндегі сауалға жан –жақты жауап ала алды. «**Біз 5-сыныпқа барамыз**» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Балалардың өз – өздерін тануға , психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін , көңіл – күйін , сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

Тренинг «Жүректен — жүрекке» Оқушылар бір –біріне орта буынға бейімделуге байланысты бір – біріне жақсы тілектерін айтып шықты. Сонымен қатар дәл сол уақытты өз қолдарымен жасаған жүрекшелерін көрсетіп ой бөлісті.

Сонымен қатар 1 -9 сынып ата-аналарына бала өміріндегі өзгерістер жайында дайындалған слайд көрсетіліп, кеңестер таратылып берілді.

Орта буынға жаңадан қабылданған бесінші сынып оқушыларымен «Оқу пәндеріне деген көзқарасы» арқылы сауалнама толтырылды. Оқушылар өз ойларын еркін айта білді.

Бесінші сынып оқушылары толық қатысты. Өз ойларын еркін жеткізді. Оқушылардың бойынан ашықтықты, әсемдікті аңғаруға болады.

Қорытындылай келе , оқушылар ,ата- аналары мен достарына сенім артады.

Жалғыздықты сезініп жүрген оқушы жоқ.Оқушылардың микроәлемі жағымды ахуал жағдайда.

Кеңес беру нәтижесінде оқушылар өз көкейлеріндегі сауалға жан –жақты жауап ала алды. Жоспарлы түрде топтық, жеке кеңестер жүйелі түрде берілді. . Жоспар ретімен алғашқы 2-8 сынып оқушыларынан дарынды балаларды анықтау мақсатында « НИШ – тесті» және «Ханна и Кааф» әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде мектеп бойынша қабілетті балалар анықталып,мектептегі дарынды оқушылармен пән мұғалімдерімен бірлесе отырып,жұмыс жасауға ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері :

Сәуір айында 1-5сынып жетекшілеріне оқушылардың бейімділігі бойынша жетекшілеріне, бала сізден қорықпасын десеңіз: оның қатесін кешіруге,жазаламауға, айтқандарына мән беруге т.с.с кеңестер берілді.

Күтілетін нәтиже:Өз ойын еркін жеткізе алатын, психологиялық тұлға қалыптастыру. Мәдениетті, рухани бай адамзатты тәрбиелеу.

сәуір айында 9 сыныптан мамандық таңдау бойынша Голланд тесті алынып анықтау жұмыстары жүргізілді .

Нәтижесінде:Дж .Голланд жіктеуі бойынша мінез құлық пен оған сәйкес мамандықтары анықталды. 9 сыныбы бойынша Сауалнамаға 5 оқушы қатысты. Мамандық таңдау барысында, мамандық туралы хабардар ету үшін «Сенің кәсіби ой-ниетің» сауалнамасын 9-сыныптармен жүргізілді.

10-сынып оқушыларының ҰБТ –дайындығын психологиялық тұрғыда дайындығын анықтау барысында жасалған жұмыстарының мәліметі.

Сәуір айында 10-сынып оқушыларынан «Сенің арманың» сауалнамасын алдық. Сауалнамаға 4 оқушы қатысты. 10- сынып оқушыларлары сауалнамаға ашық, толық жауап берді. Болашақта армандаған мамандықтары туралы өз ойларын айтып ортаға салды.Психологиялық кеңестерт ұсынылды. Мектебіміздегі жаңадан келген жас мамандармен психологиялық кеңестер жүргізіліп,қойылған сұрақтарға жауаптар алынды.Әр тоқсан сайын мектепішілік ата- аналар жиналысында психологиялық жұмыстар жүргізіліп отырады.Ата -аналарды жақсы көңіл- күймен қарсы алу ыңғайлы жайлы

жағдай жасау және тренинг ұйымдастыру сияқты жұмыстар жүргізілді. Мектепе ұжымымен психологиялық ойындар тренингтер өткізіліп тұрады. Оқушылармен психологиялық сағат сабағы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға стресс туралы түсінік беріп, стресс кезінде өзін-өзі қалай басқару және стресс әсерінен арылу жолдары үйретілді. Жасөспірімдер арасындағы көптен кездесіп жатқан буллинг және кибербуллинг туралы айтылып, түсіндіріп слайд көрсетіліп алдын алу жұмыстары жүргізілді.



Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Білім ошағымызда рухани-адамгершілік тәрбиені насихаттау үшін «Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылды. Бұл клуб адамгершілік құндылықтарды, мейірімділік пен қайырымдылықты насихаттайды. Тәрбиеленушілер бір-біріне көмектесіп, өзара түсіністік пен сыйластықты арттыруда. «Biz birgemiz», «Таза Қазақстан» акцияларына, «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Біз буллингке қарсымыз!» челленджеріне қатысып, қоғамға пайдалы іс-шараларға тартуға бағытталған маңызды жұмыстар атқаруда.

Өскелең ұрпақ бойына отансүйгіштік сезімін, азаматтық-патриоттық жауапкершілікті, адалдық пен батылдық қасиеттерін дарыту мақсатында мектебімізде бірнеше жыл қатарымен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клуб

кұрылып, өз жұмысын жалғастыруда. «Жас сарбаз» ӘПК курсының жұмыс жоспарлары, мақсат, міндеттері мен құқықтары, жарғысы бар.

Азаматтық пен патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі.

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/blm-alushylardy-les>

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/blm-alushylardy-les-2023-2024>

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/blm-alushylardy-les-2024-2025>

«Ұшқын» өзін-өзі басқару ұйымы, «Жас ұлан» ұйымдарының қызметі.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылар адамның әлеуметтік рөлдер жүйесін орындауға дайындығын қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы әрбір оқушының ұйымдастырушылық қызметке қатысуына мүмкіндік береді. Бұл мектептегі білім беру үдерісін шын мәнінде демократиялық, ашық және гуманистік етуге көмектеседі. Оқушылар өзін-өзі басқару принциптерін мыналар деп санайды: еріктілік, теңдік, заңдылық, жариялылық, адами құндылықтардың басымдығы, ұжымдық шешім қабылдау, ұжымның әрбір мүшесінің мүддесін, қадір-қасиетін және пікірін құрметтеу.

2024-2025 оқу жылында «Ұшқын» өзін-өзі басқару ұйымы 10 фракциядан құралған:

Мектеп президенті – Ертай Іңкәр.

- Құқық және тәртіп фракциясы – Темірке Ернұр, Қабдраш Нұртас;
- Мәдениет және өнер фракциясы – Айтқожина Аружан, Раимбекқызы Інжу;
- Бақыт және өзін-өзі тану фракциясы – Еркінбай Томирис, Кабдушева Нұрай;
- Дебат қозғалысы фракциясы – Кәкімжан Мөлдір, Кәкімжан Айару;
- Спорт және СӨС фракциясы – Бақытжан Алмат, Аугалиев Ақниет;
- Экология және еңбек фракциясы – Қажибай Айсана, Клюшев Руслан;
- Қамқорлық фракциясы – Серік Рамазан, Закиров Сайран;
- Ақпарат және баспа фракциясы – Қабдолла Әдия, Кәрімжан Айзере;
- Төтенше жағдайлар фракциясы – Қыдырғали Мағжан, Бек Дінмұхамед.

Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының кеңесі мектептің үздік және белсенді оқушыларынан құралған. 2023-2024 оқу жылында мектеп парламентінің президенті болып Ертай Іңкәр Дамирқызы дауыс беру арқылы сайланды. 2024-2025 оқу жылында көпшіліктің бірыңғай дауысымен Ертай Іңкәр Дамирқызы мектеп президенті болып қалды. Мектеп оқушыларын сайлау науқанының барысы қызықтырды. Олар жиналыстар өткізуге, сынып пен мектеп парламентіне кандидаттар ұсынуға, мектеп басшысын сайлауға белсене қатысты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және аға тәлімгермен бірге мектеп парламентінің жұмыс жоспары құрылды. «Ұшқын» өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүргізіледі. Ұйымның жылдық жұмыс жоспары тәрбие құндылықтарын негізге ала отырып жасалған.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының отырыстары жүйелі түрде өткізіліп, онда жұмыс жоспары қаралып, түрлі іс-шаралар дайындалып, атқарылған жұмыстар туралы есептері тыңдалады.

2024-2025 оқу жылының 3 тоқсанында өзін-өзі басқару ұйымымен келесі жұмыстар атқарылды:

- Сынып басшыларын сайлау, сынып бұрыштарын тексеру;
- Мектеп ауласын жинау, сенбіліктерге шығу;
- Кино кештер;
- Қарттар күні мерекесіне орай «Қамқорлық» акциясы;
- Дублер күні;
- Тоқсан сайын «Менің игі істерім» акциясы;
- «Менің пайдалы өткізген бір күнім» челленджі;
- Қазақша күрестен ұлдар мен қыздар арасында жарыстар;
- «Ақмола кадрда» фотобайқауы;
- «Компьютерлік ойындардың пайдасы мен зияны» пікірсайыс;
- Жол ережелерімен, қауіпсіздік ережелерімен оқушыларды таныстыру;
- Қарттар күні, ұстаздар күні, алтын күз, Тәуелсіздік күні, жаңа жыл,

Наурыз мерекелеріне арналған мерекелік іс-шаралар.

- «Терроризмнен азат әлем!», «Ауылым - алтын бесігім», «Тәуелсіз елім-Қазақстан» суреттер байқауы.

- «Таза Қазақстан!» акциясы, «Менің жасыл мектебім» мектеп аумағына көшет отырғызу.

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі білім, мәдениет, спорттық іс-шараларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Аудандық «Туған жерім - Зеренді» онлайн фотобайқауында Темірке Ернұр 1 орын, Еркінбай Томирис 3 орын, Шамухан Жансая 2 орынды иеленді.

Аудандық «Ақмола кадрда» фотобайқауында Ахметжан Толғанай 3 орынға ие болды.

Мектеп президенті Ертай Іңкәр Зеренді ауданының әкімі Әсен Дулатұлының қатысуымен мектеп көшбасшылары арасында өткен «Еліміздің жарқын болашағы – саналы ұрпақ» атты форумға қатысып, сертификат иеленді.

Қазіргі таңда «Жас ұлан» ұйымында 41 оқушы бар, оның ішінде Жас ұландықтар 30 оқушы, Жас қырандықтар 11 оқушы.

Мектеп жұмыстарында белсенділер өз жұмысының барлық саласын қозғауға тырысады. Ұйым мүшелері мектептегі іс-шаралардың белсенді қатысушысы болып қана қоймай, мектептегі тәртіпті ұйымдастыруға да

назар аударады. «Ұшқын» өзі-өзі басқару ұйымы үзілістер арасында оқушылармен көңілді ойындап, тапқырлық жарыстар ұйымдастырылады. Бұл балалардың сабаққа белсенді қатысулары мен үзіліс арасындағы тәртіпсіздік алдын-алу ретінде жүргізіледі. Оқушылар бұл көңілді шараға қызығушылықпен қатысады.

https://www.instagram.com/p/DDZNyN8I_BZ/?igsh=dm5peXpmaGswcXVq
<https://www.instagram.com/reel/DDeOPM7O3JT/?igsh=OWJrZzYxY3k0ZjBq>

Білім ошағымызда, мектеп оқушыларының азаматтық жауапкершілігін арттыру мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған «Дебаттық қозғалыс» жалпы ұлттық жобасы, үш жыл қатарымен информатика пәні мұғалімі А.Н. Төлеуханның жетекшілігімен жүзеге асырылуда. Жоба оқушыларға пікірталас жүргізу арқылы коммуникативті дағдыларды жетілдіру, қоғамдық мәселелерді талқылау, логикалық ойлау мен дәлелдемелер келтіру қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, шығармашылық пен аналитикалық ойлауды дамытуға өз ықпалын тигізуде. Соның нәтижесінде, аудан көлемінде ұйымдастырылған пікірталастарда оқушыларымыз жүлделі орындар қатарынан көрініп, грамота, сертификаттар, ал жетекшісі А.Н. Төлеухан алғыс хаттар иеленуде. Оқушымыз Рахмет Ерсін аудандық «Үздік спикер» атанды.

«Парасат» пікір талас клубының құрамында 2022-2023 оқу жылында 8 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 8 оқушы, 2024-2025 оқу жылында 8 оқушы бар. Оқушылардың дебатқа деген қызығушылықтар артып келетінін байқауға болады.

Қосымша біліммен қамтылған білім алушылар мен тәрбиешілердің ұлғаю динамикасы

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары

Оқушылардың бос уақытында тәрбиеленушілердің қосымша біліммен қамту бойынша, сабақ кестелері құрылып, бекітілді.

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/osymsha-blm-beru-2022-2023>

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/osymsha-blm-beru-2023-2024>

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/osymsha-blm-beru-2024-2025>

Спорттық секциялар мен үйірме жұмыстары.

Балалар бос уақыттарында үнемі қоғамдық тиімді әрі денсаулықтарына зор пайдасын келтіретін іспен айналысады. Сабақтан тыс уақытта мектептің спорт залына келіп спорттық секциялармен айналысады. Уақыттары бір бірімен қабыспайтын секциялар мен үйірме, клуб жұмыстарына оқушылар белсенді қатысады. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары оқушылардың секция, үйірмелерге қатысу көрсеткіші төмендегідей:

№	Үйірме, секциялардың	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
---	----------------------	--------------------	--------------------

	атаулары		
		Барлық оқушылар саны	Барлық оқушылар саны
		72 (100%) қамтылған	65 (100%) қамтылған
1	Волейбол	26	26
2	Баскетбол	26	26
3	Қазақ күресі	45	43
4	«Өркен» театр үйірмесі	14	12
5	«Парасат» пікір талас клубы	8	8
6	«Айгөлек» «Ғажайып» би үйірмесі	35	41

Ал 2024-2025 оқу жылында оқушылардың секция, үйірмелерге қатысу көрсеткіші төмендегідей:

№	Атауы	Қамтылғандар	Өтілу күні	Уақыты	Жетекшісі
1	Волейбол секциясы	26	Дүйсенбі	17.00-18.00	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Нұрбек Е.
			Сәрсенбі	17.00-18.00	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Нұрбек Е.
			Бейсенбі	17.00-18.00	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Нұрбек Е.
2	Баскетбол секциясы	26	Дүйсенбі	16.00-17.00	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Буркытов Д.М.
			Сейсенбі	17.00-18.00	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Буркытов Д.М.
			Жұма	15.50-16.50	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Буркытов Д.М.
3	Қазақ күрес үйірмесі	38	Дүйсенбі-жұма	18.00-20.00	Қазақ күресінің бапкері Мугжанов Ж.К.
4	«Өркен» театр клубы	11	Сейсенбі	15.00-16.00	ДТЖО Солтанбек Г.
5	«Парасат» дебат клубы	8	Сәрсенбі	15.00-16.00	«Жастар қанаты» қоғамының жетекшісі Төлеухан А.Н.
6	ІТ үйірмесі	8	Бейсенбі	16.20-17.05	Информатика пәнінің мұғалімі Төлеухан А.Н.
7	«Айгөлек» және «Ғажайып» би үйірмесі	40	Жұма	15.00-16.00	Үйірме жетекшісі Аубакирова К.А.

2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдарында оқушылардың үйірме, секцияларға қатысу деңгейі 100% құрайды. Нәтижелеріде айтарлықтай өскен. Мектептегі тынымсыз дайындықтарының нәтижесінде үнемі жұлделі орындар мен жарыстарға қатысу деңгейлері көбейген.

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/sekciyaghne-yrme-kesteler-2022-2023>

<http://sc0009.zerenda.aqmoedu.kz/content/sekciyaghne-yrme-kesteler-2023-2024>

https://www.instagram.com/p/DFfX_ISA00h/?igsh=MTld2Nxczd2dWs5Yg==
<https://www.instagram.com/p/DC54JwKMb4e/?igsh=ejRpZjlbnVzZDhu>
<https://www.instagram.com/p/DDCyahqMyzF/?igsh=MWI4ZWRoNjkxd2JzZA==>
<https://www.instagram.com/p/DDFGMXysQmy/?igsh=MTNhdnBzMWZmY3Y0ag==>
<https://www.instagram.com/p/DIB5qPwibgz/?igsh=MXAzMXl0c2pkeDNyZw==>
<https://www.instagram.com/p/DFVFDsXsZN-/igsh=N2gzMzh3NmFlM2Vz>
<https://www.instagram.com/p/DFVFDsXsZN-/igsh=N2gzMzh3NmFlM2Vz>
<https://www.instagram.com/p/DFVFN8uMCdx/?igsh=MWUxb2R0cWlrMTlweA==>
<https://www.instagram.com/p/DGLgNyFoXqI/?igsh=MW83ZXFhZm0xZXU1bg==>
<https://www.instagram.com/p/DGLfa2fodNM/?igsh=MTZlY2J1cWVtbW5ubw==>

Жыл сайын «Айгөлек» және «Ғажайып» би топтары мен «Өркен» театр ұжымы да аудандық, облыстық сахналарда өнер көрсетіп, жеңімпаздар атануда. Би үйірмесінің жетекшісі Аубакирова Қ.А. мен «Өркен» театр ұжымының жетекшісі Солтанбек Г. жыл сайынғы ұйымдастырылатын өнер байқауларынан жүлдемен оралады.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындарындағы оқушылардың шығармашылық байқаулар спорттық жарыстардың жетістіктері:

Республикалық деңгей:

Жылы	Жеке қатысушының немесе топтың аты-жөні	Қатысатын шығармашылық байқау және спорттық жарыс түрі	Нәтижесі	Ұйымдастырушылар
2022-2023 оқу жылы	Білімхан Заңғар	«Оқуға құштар мектеп» «Оқуға құштар ұлт» жобасы «Каникулда кітап оқимыз» «Ең көп кітап оқитын оқушы» номинация жеңімпазы	II дәрежелі диплом	«Білім шыңы-ғылым сыры» республикалық журналы
	Білімхан Заңғар	«Оқуға құштар мектеп» «Оқуға құштар ұлт» жобасы «Каникулда кітап оқимыз»	Сертификат	«Білім шыңы» қоғамдық қоры
2023-2024 оқу жылы	Темірке Ернұр	«Балалар зорлық-зомбылыққа қарсы» балалар суреті байқауы	III орын диплом	«EDU Stream» орталығы
2024-2025 оқу жылы	Темірке Ернұр	Қазақ күресінен турнир	III орын	Астана қаласы

Облыстық деңгей:

Жылы	Жеке қатысушының немесе топтың аты-жөні	Қатысатын шығармашылық байқау және спорттық жарыс түрі	Нәтижесі	Ұйымдастырушылар
2022-2023 оқу жылы	Кәрімжан Айзере	«Әлем әнмен ажарлы» жас әншілер байқауы	Алғыс хат	Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Болашақ сарайы» ШЖҚ
	Боранбай Ұлжан	«Әдебиет қаһармандарының шеруі» облыстық фестиваль	II орын диплом	Ақмола облысы білім басқармасы мемлекеттік мекемесі

	Шамұхан Жансая	«Балалар оқулары» байқауы	III орын	Ақмола облысы білім басқармасы мемлекеттік мекемесі
	Клюшев Руслан	«Мәншүк Мәметоваға 100 жыл» суреттер байқауы	II орын	Ақмола облысы білім басқармасы мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы	Қажыбай Айсана	«Менің болашақ кәсібім» эссе байқауы	II орын	Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті және Ақмола облысының білім басқармасы
	Темірке Ернұр	«Әдебиет қаһармандарының шеруі» фестиваль	Сертификат	Ақмола облысының білім басқармасы
	«Өркен» театр ұжымы	«Театрдың ғажайып әлемі» қойылымдар байқауы	III орын	Ақмола облысының білім басқармасы
	Абдуллаев Раимбек Солтанбек Галия	«Екі жұлдыз» ән байқауы	Мадақтама	Ақмола облысының білім басқармасы
	Өзін-өзі басқару ұйымы	«Бағытымыз айқын, мақсатымыз анық» үздік портфолио байқауы	Сертификат	Облыстық «Дарын» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
2024-2025 оқу жылы	Қабдош Нұрай	Қазақ күресінен	II орын	Болашақ сарайы кубогі
	Шамұхан Жансая	Қазақ күресінен	III орын	Болашақ сарайы кубогі
	Смайлова Жанель	Қазақ күресінен	III орын	Болашақ сарайы кубогі
	Кәрімжан Айзере	Қазақ күресінен	III орын	Болашақ сарайы кубогі
	Еркінбай Томирис	Самбо күресінен	I орын	Ақмола обл самбо федерациясы
	Кәкімжан Айару	Самбо күресінен	III орын	Ақмола обл самбо федерациясы
	Қабдолла Әдия	Самбо күресінен	III орын	Ақмола обл самбо федерациясы
	Бақытжан Алмат	Самбо күресінен	III орын	Ақмола обл самбо федерациясы
	Кәкімжан Мөлдір	Самбо күресінен	III орын	Ақмола обл самбо федерациясы
	Темірке Ернұр	Самбо күресінен	III орын	Ақмола обл самбо федерациясы
	Серік Жасмин	Дзюдо күресінен ашық турнир	II орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Кәкімжан Айару	Дзюдо күресінен ашық турнир	III орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Жаныбай Райымбек	Дзюдо күресінен ашық турнир	III орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Серік Әмір	Дзюдо күресінен ашық турнир	III орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Қыдырғали Ислам	Дзюдо күресінен ашық турнир	III орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Кәкімжан Асқар	Дзюдо күресінен ашық турнир	III орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Қабдраш Нұртас	Футзалдан Ақмола облысының чемпионаты	I орын	Ақмола облысы денешынықтыру және

				спорт басқармасы
	Футбол командасы	Футболдан жарыс	I орын	Көкшетау қаласы «Оқжетпес» футбол клубы
	Кәкімжан Айару	Қазақ күресінен ашық чемпионат	I орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Марат Елхан	Қазақ күресінен ашық чемпионат	II орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Еркінбай Томирис	Қазақ күресінен ашық чемпионат	I орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Айтқужина Аружан	Қазақ күресінен ашық чемпионат	III орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Қабдош Нұрай	Қазақ күресінен ашық чемпионат	II орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы
	Қабдош Нұрай	Қазақ күресінен ашық чемпионат	II орын	Болашақ сарайы
	Темірке Ернұр	«Жас барыс» турнирі	I орын	Ақмола облысы денешынықтыру және спорт басқармасы

Аудандық деңгей:

Жылы	Жеке қатысушының немесе топтың аты-жөні	Қатысатын шығармашылық байқау және спорттық жарыс түрі	Нәтижесі	Ұйымдастырушылар
2022-2023 оқу жылы	Темірке Ернұр	«Алтын шаңырақ» қолөнер байқауы	I орын	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
	Темірке Ернұр	«Кадрағы Ақмола» байқауы «Бізде мақтанатын адам бар, бізде сақтайтын нәрсе бар» номинациясы	II орын	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
	Боранбай Ұлжан	«Менің кіші Отаным» танымдық байқау	Сертификат	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	«Айгөлек» би тобы	«Ақ шағала» би байқауы	Гран при	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
	«Ғажайып» би тобы	«Өнер қырлары» би байқауы	II орын	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
	Рахмет Ерсін	«Үздік спикер» иегері	Мадақтама	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
	«Парасат» дебат клубы	Республикалық ұлттық пікір-сайыс турнирінің аудандық кезеңі	Диплом	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Боранбай Ұлжан	«Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауы	Мадақтама	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

	«Оқушылар хоры»	«Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауы	Мадақтама	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	Кәрімжан Айзере	«Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауы	Мадақтама	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	«Наз» триосы	«Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауы	Мадақтама	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	«Айгөлек» би тобы	«Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауы	Мадақтама	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	«Ғажайып» би тобы	«Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауы	Мадақтама	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	«Өркен» драмалық театры	«Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауы	Мадақтама	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	Боранбай Ұлжан	«Зеренді аруы-2023» сұлулық байқауы	Бас жүлде	Зеренді ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
	Боранбай Ұлжан	«Ақберен» өнер байқауы	II орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Шамұхан Жансая	Республикалық оқырмандар сайысы	I орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Клюшев Руслан	«Мәншүк Мәметоваға 100 жыл» суреттер байқауы	I орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Бек Дінмұхаммед	«Мәншүк Мәметоваға 100 жыл» суреттер байқауы	III орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Абдуллаев Раимбек Солтанбек Галия	«Екі жұлдыз» ән байқауы	Гран при	Зеренді ауданы кәсіподақ ұйымы
	«Айгөлек» би ұжымы	«Ақ шағала» би байқауы	Гран при	
2023-2024 оқу жылы	Қуантай Нұрмағанбет	«Алтын қазына» көркем қолөнер көрмесі байқауы	I орын	Зеренді ауданы білім бөлімі
	Кәрімжан Айзере	«Алтын қазына» көркем қолөнер көрмесі байқауы	III орын	Зеренді ауданы білім бөлімі

	Темірке Ернұр	«Әдебиет қаһармандарының шеруі» фестиваль	Арнайы сертификат	Ақмола облысының білім басқармасы
	Кәрімжан Айзере	«Ақмола кадрда» байқауы	II орын	Зеренді ауданы білім бөлімі
	Шамұхан Жансая	«Ақмола кадрда» байқауы	Сертификат иегері	Зеренді ауданы білім бөлімі
	Садетхан Ақсұңқар	«Ақмола кадрда» байқауы	II орын	Зеренді ауданы білім бөлімі
	«Ұшқын» өзін-өзі басқару ұйымы	«Бағытымыз айқын-мақсатымыз анық» үздік портфолио байқауы	I орын (облыстық байқауға қатысуға жолдама)	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
	Серік Фатима Саней Алтангул	«Әжелер сөзі-тәрбие көзі» аудандық байқау	Гран при	Зеренді ауданы білім бөлімі
	«Өркен» театр ұжымы	«Театрдың ғажайып әлемі» сахналық қойылымдар байқауы	I орын	Зеренді ауданы білім бөлімі
2024-2025 оқу жылы	Раимбекқызы Інжу	«Әдебиет қаһармандарының шеруі» фестивалі	II орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Кәрімжан Айзере	«Бала дауысы-2025» вокалдық ән байқауы	I орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Кәрімжан Әмина	«Бала дауысы-2025» вокалдық ән байқауы	II орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Марат Елхан	«Бала дауысы-2025» вокалдық ән байқауы	III орын	Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
	Клюшев Руслан	«Дәстүр мұрагерлері» көрме байқауы «Халық өнері-былғарымен жұмыс» номинациясы	I орын	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы
